

## 2016 жылға халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 7 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 қаңтарда № 3544 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 155 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 06.05.2016 № 155 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабының 2 тармағына сәйкес, Төлеби ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылғы нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі төмендегідей белгіленсін:

- 1) зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін 50 жастан асқан адамдар;
- 2) ауылдық жерлерде тұратын әйелдер;
- 3) еңбек өтілі жоқ, жасы жиырма тоғыз жастан асқан тұлғалар;
- 4) ұзақ уақыт (бір жылдан көп) жұмыс істемейтін адамдар.

2 Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Бейсебаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А.Тургумбеков*